

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көлі, Дұбығалы көліне құятын Маленькое көлі, атауы жоқ екі бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 203 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қыркүйекте № 5199 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көліне құятын Маленькое көлін және атауы жоқ екі бұлақты қоса алғандағы, Дұбығалы көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" жобасына сәйкес, су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1. Мыналар:**

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көлі, Дұбығалы көліне құятын Маленькое көлі, атауы жоқ екі бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көлі, Дұбығалы көліне құятын Маленькое көлі, атауы жоқ екі бұлақтың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М. М. Құсаинов) "Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көліне құятын Маленькое көлін және атауы жоқ екі бұлақты қоса алғандағы, Дұбығалы көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және қорғау жөніндегі Ертіс  
бассейндік инспекциясының  
басшысының міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ М. Иманжанов

2017 жылғы "15" 08.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің  
Шығыс Қазақстан облысы  
қоғамдық денсаулық сақтау  
департаментінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Ф. Сүлейменов

2017 жылғы "15" 08.

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2017 жылғы "14" тамыздағы  
№ 203 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көліне құятын  
Маленькое көлін және атауы жоқ екі бұлақты қоса алғандағы, Дұбығалы  
көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулері**

Су объектісі, олардың учаскелері	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Дұбығалы -көлі:	-	-	-	7,584	50-96	35-100
Маленькое көлі	-	-	-	1,094	7,2	50
Атауы жоқ бұлақ № 1	-	-	-	3,53	17,2	50
Атауы жоқ бұлақ № 2	-	-	-	12,267	53,73	35-50
Барлығы	21,267	2400	2800-2160	24,475	129,09	35-100

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген " Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Дұбығалы көліне құятын Маленькое көлін және атауы жоқ екі бұлақты қоса алғандағы, Дұбығалы көлінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу" жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК